

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

ТАРИХ, АРХЕОЛОГИЯ ЖӘНЕ ЭТНОЛОГИЯ ФАКУЛЬТЕТІ
АРХЕОЛОГИЯ, ЭТНОЛОГИЯ ЖӘНЕ МУЗЕОЛОГИЯ КАФЕДРАСЫ
«ГЕОАРХЕОЛОГИЯ» ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ЗЕРТХАНАСЫ

Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 25 жылдығына арналған
«ХАЛЫҚ – ТАРИХ ТОЛҚЫНЫНДА» мемлекеттік бағдарламасы аясындағы
«Археологиядағы зерттеудің жаңа әдістері» атты
халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция
МАТЕРИАЛДАРЫ

30 қараша 2016 ж.

МАТЕРИАЛЫ
международной научно-практической конференции
«Новые методы исследования в археологии»
в рамках государственной программы
«НАРОД В ПОТОКЕ ИСТОРИИ»,
приуроченной к 25-летию Независимости Республики Казахстан

30 ноября 2016 г.

PROCEEDING
of International scientific-practical conference
«New methods of research in Archaeology»
within the confines of the state program
«THE PEOPLE IN THE FLOW OF HISTORY»
dedicated to the 25th anniversary of the Independence
of the Republic of Kazakhstan

November 30, 2016

Алматы
«Қазақ университеті»
2016

*Баспаға әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті тарих,
археология және этнология факультетінің Ғылыми кеңесі ұсынған*

Редакция алқасының төрағасы:

Ғ.М. Мұтанов, техника ғылымдарының докторы,
әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ректоры

Редакциялық алқа:

Т.С. Рамазанов, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ғылыми-инновациялық жұмысы жөніндегі проректоры, ф.-м.ғ.д., профессор, ҚР ҰҒА корр.-мүшесі; **М.С. Ноғайбаева**, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің тарих, археология және этнология факультетінің деканы, **Ғ.Қ. Омаров**, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің археология, этнология және музеология кафедрасының меңгерушісі, т.ғ.к., доцент; **Ғ.Т. Бексеитов**, әл-Фараби атындағы университеттің «Геоархеология» халықаралық ғылыми-зерттеу зертханасының директоры, т.ғ.к., доцент; **Р.С. Жұматаев**, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің тарих, археология, этнология және музеология кафедрасының аға оқытушысы, PhD докторанты; **Е.Б. Оспанов**, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің тарих, археология, этнология және музеология кафедрасының PhD докторанты; **Ж.К. Баянова**, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің тарих, археология, этнология және музеология кафедрасының магистрі; **Б.Е. Сатаева**, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің тарих, археология, этнология және музеология кафедрасының магистранты

Жауапты редактор

Ғ.Т. Бексеитов, әл-Фараби атындағы университеттің «Геоархеология» халықаралық ғылыми-зерттеу зертханасының директоры, т.ғ.к., доцент

Құрастырушылар:

Ғ.Т. Бексеитов, Ж.К. Баянова

*Жинақ мемлекеттік тапсырыс «Халық – тарих толқынында» бағдарламасы аясындағы
«Халықаралық-ғылыми артефактілердің жасын анықтау» жобасының
қаражаты есебінен шығарылды*

Қазақстан Республикасы тәуелсіздігінің 25 жылдығына арналған «Халық – тарих толқынында» мемлекеттік бағдарламасы аясындағы «Археологиядағы зерттеудің жаңа әдістері» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. 30 қараша 2016 ж. / жауапты ред. Ғ.Т. Бексеитов. – Алматы: Қазақ университеті, 2016. – 297 б.

ISBN 978-601-04-2525-5

«Халық – тарих толқынында» атты мемлекеттік бағдарлама аясында ұйымдастырылып отырған конференция материалдарының жинағына археология ғылымындағы жаңа зерттеу әдістері, археология саласындағы ғылыми зерттеу жаңалықтары мен жетістіктері, сонымен қатар далалық барлау және қазба жұмыстарының нәтижелері, тарихи-этнографиялық мақалалар енді.

Жинақ тарихшы, археолог, этнолог, геолог мамандарына, жоғары оқу орындарының студенттері мен көпшілік қауымға арналған.

© Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, 2016

ISBN 978-601-04-2525-5



Рис. 5. Мужская терракотовая статуэтка. VII- нач. VIII вв.

Е.Ш. Ақымбек

PhD докторы

*Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институты,
Алматы, Қазақстан Республикасы*

КЕРАМИКАЛАРДЫҢ СЫРТЫН ӨНДЕУ ЖӘНЕ ӘСЕМДЕУ ҮДЕРІСІН ТАЛДАУ (Ортағасырлық Ақтөбе қаласы материалдары бойынша)

Археологиялық керамикалардың кез келгені морфологиялық, технологиялық, стилистикалық және т.б. жағынан жан-жақты зерттелуі мүмкін. Осындай зерттеулер арқылы керамикаларды пішіндеріне, жасалу әдістеріне және өрнектелулеріне қарап жекелеген топтарға бөліп қарастырып жатамыз. Оларды осылай сипаттық ерекшеліктеріне қарап топтастыру салыстырмалы мерзімдеуге де көп септігін тигізіп жатады.

Керамикалардың мерзімін анықтауда олардың бетіне жүргізілген өрнектер үлкен рөл ойнайды. Өрнектер көбінде ыдыс пішінделіп болған соң, күйдірілмес бұрын, сыртын өңдеу жұмыстары барысында орындалғандығын бүгінде ортағасырлық ескерткіштерден табылған материалдар көрсетіп отыр. Ортағасырлық Ақтөбе қаласынан табылған керамикалық материалдарға жүргізілген талдау жұмыстары кезінде олардың сыртын өңдеу мен әсемдеудің бірқатар әдістері мен сатылары болғандығы байқалады.

Бұйым жасаудың әр түрлі әдістері арқылы орындалған ыдыс біршама дегдігеннен (кейбір ыдыстар қайта суланғаннан) кейін, алуан түрлі әрлеу рәсімдері жүргізілген. Олардың бірқатары пішіндеудің екінші әдісі деп есептеледі, өйткені олар ыдыстың көлемін, сонымен қатар беткі сипатын өзгертуі мүмкін. Бетін өңдеудің жеңіл әдістері де болған. Осылардың ең маңыздысы ұрғылау, тазарту және пішіндеу мен тегістеуге байланысты әдістер.

Жасалынатын ыдыстың пішінін, көлемі мен сыртқы сипатын өзгертуде ең көп тараған әдіс ұрғылау. Бұл негізінен тоқпақ арқылы жүзеге асырылған. Олар тастан, ағаштан немесе саздың өзінен бір шеті томпақ болып жасалынуы мүмкін [1, б. 13]. Ыдыстың іші-сыртына бір-бірден екі тоқпақ қолданылған. Ішкісін ұстап тұрып, сыртындағысымен ұрғылау арқылы орындалған. Бұл бір жағынан саздың тұтасуын (тығыздығын) арттырып, орама не жапсырма түрде орындалған ыдыстардың жігін жоғалтып, жұқа қабырғалы етсе, екіншіден оның тұрқын өзгерткен. Сондықтан көзешілер бір ыдысты жасауда бірнеше көлемдегі тоқпақтарды қолданған. Мұны ыдыстың иілген немесе қайтарылған жерінен көруге болады.

Көзе өндірісінде ыдыстың сыртын тазалау көп еңбекті қажет ететін сатысы болғандықтан, қабырғасын жұқарту және бетіндегі ақауларды кетіру үшін бұл бірнеше рет жүргізілген. Қырнау әдісі жекелеген ыдыстардың пішінін қысыммен арнайы құрал арқылы ысуды ыдыс кепкенге дейін де жүргізген. Осы кезде саз ылғалды немесе жұмсақ болады. Ірі қоспалары бар саздар сызылады немесе бедерленеді. Мұны құрамындағы ірі қоспалар құралдың бағытына қарай бетімен сүйретіле сызады. Егер құрал ыдыс ернеуіне перпендикуляр жүргізілсе, қабырғасына жарықшақтар мен сызықтар түсіріледі. Қырнау жұмыстары тегіс қырлы, ағаштан, сүйектен, металдан және т.б. қатты заттан жасалған құралмен жүргізілген. Егер ыдыс екі бөлшектен тұрып біріктірілген болса, жапсырылып бекітілген тұсы пышақпен немесе сол секілді өткір құралмен кесіліп өңделген, сондай-ақ жоғарыда айтып өткеніміздей, осы жері бедерленіп белдеуленген.

Көзе бұйым толық пішінделіп, барлық ақаулары жойылған соң, бетін тегістеу жұмыстары жүргізілген. Ыдыстың беті жұмсақ, яғни мата, былғары, шөп шоғы сияқты құралмен немесе көзешінің алақанымен ысқыланып тегістеледі. Тегістеу жұмыстары ыдыс толық кеппей тұрған кезінде жүзеге асырылады. Егер алақан немесе саусақпен жүргізілген болса, онда ыдыстың бетіне өте майда параллельді сызықтар айнала қалады. Бұл әсіресе шарықта жасалынған ыдыстарға тән. Соңында бәрібір саздың беті табиғи кейпі бойынша майда бедерленіп тұрады. Мұны беті тегіс, тас, сүйек, мүйіз сияқты қатты затпен ұрып ысуда кетірілген. Үдеріс барысында саздың майда бөлшектері тығыздалып, беті жылтырланады. Бұл әдіс қарлұқ дәуірінде асханалық ыдыстарды жасауда қолданылған. Әсіресе, Тараз қаласының сол дәуірге қатысты мәдени қабаттарынан жиі кездеседі. Құралмен ұрған әрбір орында іздер қалдырады, сондықтан ұру техникасы дұрыс сақталмаса, ыдыс беті біркелкі жылтырамайды. Ұрып ысу қатты немесе құрғақ сазға жүргізілсе, онда жарқылы болмай, саздың бұзылуына алып келеді. Ысу жұмыстары біткен соң, жылтырату беті кепкен кезде жүргізіледі, сонда параллельді қырлары болмай жарқылы біркелкі болады.

Кейде ыдыстар кедір-бұдырлы (ойқы-шойқы) немесе өрнекті келуі ыдыстың не ас дайындауға, не құюға, не тасымалдауға арналғандығын да білдіреді. Мұндай жағдайда оның беті қызметіне қарай өрнектеледі. Мысалы, салмағы ауыр, қабырғасы қалың, беті дөрекі келген ыдыстар ыстықты жақсы сақтайды. Ақтөбе қаласының сырсыз бұйымдарының өрнектелуінде кең тараған әдістер: саусақпен батырып сызу мен қысу, құралмен керту, тырнау, сызу, тарау, ою.

Қалыпта және мөртабан өрнектерін түсіру қала керамикаларында өте сирек, тек белгілі бір ыдыстарға ғана түсірілген. Осы екі терминге керамикаға қатысты қысқаша сипаттама беруді жөн көрдік. Қалыпта – затты қалыпқа салып белгілі бір формаға келтіру [2, б. 168]. Мөртабан – мөр басуға арналған құрал; штемпель (орысша, штамп) [3, б. 313]. Керамикаға келгенде бұл екі терминді былай түсінген дұрыс деп шештік. Екі құралға да өрнек бедерленіп ойылып түсіріледі. Бірақ қалыптың өрнегі қалыптың ішіне қарай ойылса, ал мөртабанның өрнегі керісінше сыртқа қарай бедерленіп жасалынуы мүмкін. Қалыпта, яғни қалыптың ішін сазға нығыздап толтырып алғаннан кейін барып ыдыс бетіне түсірген. Мұндай жағдайда өрнек ыдыс бетіне бедерленіп түседі. Ал, мөртабан тәсілі бедерленіп түскен өрнекті құралдың ыдыс бетіне бастырылып түсіріледі. Бұл жағдайда ыдыс бетіне өрнек ішке қарай ойылып түседі.

Қалыптау өрнектері біршама кейінгі уақыттарға, әсіресе кейінгі орта ғасырларда кеңінен тараған [4]. Мөртабанды өрнектер түсіру ежелден келе жатқан тәсіл.

Тарау әдісі, яғни тарақ секілді құралмен не шарықта жасалынған құмыраның бүйір үстіне, не дастарқанның астына жүргізілген.

Керту әдістері тісті не үшкірлеу қырлы құралмен қақпақтардың бетіне, ыдыстардың жоғарғы бөліктеріне түсірілген.

Тісті өрнектер біршама күрделі әдістердің бірі, оны ыдыстың тек белгілі бір жерлеріне ғана жүргізген.

Ортағасырлық Ақтөбе қаласының керамикаларында өрнектеудің тағы бір түрі баспа әдісімен орындау айтарлықтай кең тараған. Бұл аса күрделі өрнек болып табылмайды. Дегенмен бірнеше рет жүйелі түрде түсіріліп, белгілі бір композицияны құраған өрнектер де кездеседі. Бұл баспа өрнек әр түрлі диаметрдегі түтікшелер арқылы түсірілген. Негізінен екі түрлі диаметрдегі (0,6 және 1 см.) баспа өрнек өте басым. Өрнектер асханалық ыдыстардың тұтқалары мен қақпақтардың бетіне түсірілуі жиі кездеседі.

Өрнектеудің бұл түріне қарапайым құралдар, яғни табиғи заттар, мысалы қамыс, сүйек, ағаш қолданылған.

Ақтөбе қаласы керамикаларында өрнектеудің ең көп тараған түрі басбармақ пен саусақтарды басу арқылы әсемдеу. Тіпті тырнақтың да іздері түскен қақпақтар кездесіп жатады.

Саз ыдыстарға жоғарыда аталған тәсілде жүргізілетін өрнектер бетін толығымен немесе белгілі бір бөлігін қамтуы мүмкін. Ақтөбе керамикаларында ыдыстардың негізінен бүйір үстіне жүргізілген. Салыстырмалы түрде айтатын болсақ, керамикаларды өрнектеу өте сирек кездеседі. Бірақ үлкен

ыдыстардың ернеу бөліктері және қақпақтар ерекше әсемделген. Өрнектер кейде ыдысты күйдіретін алдындағы сыртын жөндеу ретінде де болуы мүмкін. Сондықтан бетін өңдеу екі ұшты мағына береді. Бір жағынан сыртын жөндеу болса, екіншіден әшекей ретінде көрініс табады. Алайда бұл жөндеу жұмыстары қызметтік мәніне қарай да сипатталады. Әшекейлену көп жағдайда оның қызметінің қолданыста немесе символикалық екендігін білдіреді. Оның үстіне бірқатар әрлеу жұмыстары ыдыстың бетін емес, пішінін өзгертіп жібереді. Пішінінің бұл екінші сипаттамасы қолданыс аясын кеңейтуі де мүмкін.

Әсемдеп жөндеу жұмыстарында нақты қандай құрал пайдаланғандығын айту қиын. Бірақ сазды оңай алып тастауға ыңғайлы кесетін құрал болғандығы анық. Кесу әдісінің негізгі үш түрі: тілу, ою, тесу болғандығын көреміз. Бұл тәсілдерді қала керамикасынан байқау қиын, себебі бұлар күйдірілгенге дейінгі үдерісте қолданылған.

Ақтөбе қаласының керамикаларына қарап, қыш бұйымдардың сыртын өңдеу мен әсемдеу технологиясының өте жақсы дамығандығын көреміз. Ыдыс сыртын өңдеуден бастап, әсем өрнектер жүргізгенге дейінгі үдерістің күрделі дәрежеде болғандығын қыш бұйымдардың бетіндегі саусақ іздері, болмаса бетіне түсірілген оюлары осыны көрсетеді. Қарапайым ғана өрнек түсірудің түпкі мақсатында үлкен мән жатқандығын бір қарағанда аңғара бермеуіміз мүмкін. Бірақ саусақ ұшымен немесе қатты үшкір затпен түсірілген баспа не сызба сызықтардың өзі жасалынған ыдыстың беріктігін арттырғандығы анық.

1. Шәлекенов У.Х., Ақымбек Е.Ш., Байбугунов Б.А. Ортағасырлық Ақтөбе (Баласағұн) қаласында 2008 жылы жүргізілген археологиялық зерттеулердің ғылыми есебі // ҚР БҒМ ҒК Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институты мұрағаты. – Алматы, 2009. – 138 б.

2. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық / құраст.: Қ. Күдерінова, О. Жұбаева, М. Жолшаева және т.б. – Алматы, 2011. – Т. 8. – 744 б.

3. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық / құраст.: Ж. Манкеева, С. Бизақов, Ә. Жүнісбек және т.б. – Алматы, 2011. – Т. 11. – 752 б.

4. Қожаев М. Отырардағы керамика өндірісі. – Түркістан: Мұра, 1996. – 159 б.

Enrique Meseth¹, Hsu Chia-Wen², Wang Liang-Chi³,
Lu Shiau-Yun², Chen Su-Hwa⁴, Chen Huan-Min², Michael Buzinny⁵

RESULTS OF THE LAND SUITABILITY STUDY IN VILCABAMBA AND AGRICULTURAL PRODUCTION AT THE VITCOS SITE DURING INCAS TIMES, PERU

¹*Faculty of Science and Philosophy, Laboratory of Palinology and Paleobotany, Universidad Peruana Cayetano Heredia, Lima 31, Peru. E-mail: enrique.meseth.m@upch.pe*

²*Department of Marine Environment and Engineering, National Sun Yat-Sen University, Kaohsiung, Taiwan.*

³*Collection Management Department, National Taiwan Museum, Taipei 100, Taiwan*

⁴*Life Sciences Department, Laboratory of Palynology, National Taiwan University, No. 1, Sec. 4, Roosevelt Road, 10617 Taipei, Taiwan*

⁵*The Marzeev Institute of Hygiene and Medical Ecology, Academy of Medical Sciences of Ukraine, 50 Popudrenko St., Kiev 02094, Ukraine*

1- Introduction

Vilcabamba region was established by Manco Inca as a new Inca state in the highlands of the forest, when in 1537 he and his forces left Ollantaytambo headquarters to go further west, away from Cusco –the Inca capital– to continue resisting the Spanish Colonial system. The last Inca rebels led by Manco Inca occupied Vitcos as the main settlement and later interchanging sites with another one, deeper into the jungle (possibly Espiritu Pampa) until 1572 AD. Previously, in the 15th century, Vitcos was conquered by Inca Pachacutec, serving as a Royal estate and a base that could be used to attack potential enemies such as the Chancas, whether they threaten his kingdom [4]. Scarp mountains, forests and fast-flowing rivers along the valleys made this region a difficult zone to access and a strategic location.

In the current study, a land suitability analysis for agriculture and defensive potential of settlements was assessed, taking into account factors such as soil, erosion, drainage and climate, water body distance, slope and terrain. The features on these factors were overlaid to obtain a land suitability map, to determine the ability of the Incas to assess in an empirical way a suitable site for livelihood and crops production. Visibility

МАЗМУНЫ / СОДЕРЖАНИЕ

Мутанов Г.М. Алғы сөз.....	3
----------------------------	---

ПЛЕНАРЛЫҚ МӘЖІЛІС / ПЛЕНАРНОЕ ЗАСЕДАНИЕ

Омарбеков Т.О. Рулық таңбалар туралы не білеміз.....	4
Жумагулов Қ.Т. О военном искусстве гуннов по данным зарубежной археологии.....	10

СЕКЦИЯ I.

АРХЕОЛОГИЯЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕРДЕ ЖАРАТЫЛЫСТАНУ ҒЫЛЫМДАРЫНЫҢ ӘДІСТЕРІН ҚОЛДАНУ / ИСПОЛЬЗОВАНИЕ ЕСТЕСТВЕННО-НАУЧНЫХ МЕТОДОВ В АРХЕОЛОГИЧЕСКИХ ИССЛЕДОВАНИЯХ

Бейсенов А.З. Орталық Қазақстан ерте темір дәуірі ескерткіштерін зерттеудегі көміртегілік анықтамалар.....	13
Sprate M.A. Palaeoclimate and archaeobotany in the kashmir neolithic: implications for early cultivation and crop exchange in Central Asia.....	21
Watanabe M. Distribution and characteristics of underground irrigation systems in the hexi corridor, China.....	30
Алукер Н.Л., Суздальцева Я.М., Казакова Ю.А. Радиоэкологическое исследование и термолюминесцентные датировки археологических памятников новосибирской и кемеровской областей.....	37
Зайков В.В., Анкушев Н.М. Рудная геоархеология меди на примере Урала.....	40
Рыбалко А. Г., Девятова А. Ю. Корреляция стратиграфических разрезов среднепалеолитических комплексов стоянки давгагчай-залив-1 (по геохимическим данным).....	43
Нигматова С.А. Палинологический метод в археологии на примере изучения курганов Юго-Восточного Семиречья.....	46
Ахматшаева И.Т., Воякин Д.А., Нигматова С.А., Сейткалиев М.К. Палинологическое исследование материалов сакского могильника Сарыюзек.....	51
Ренато С., Жан-Марк Д. Пространственный анализ археологического комплекса Кульжабасы.....	55

СЕКЦИЯ II.

ТАРИХИ- МӘДЕНИ МҰРАНЫ ЗЕРТТЕУ, САҚТАУ ЖӘНЕ МУЗЕЕФИКАЦИЯЛАУДЫҢ ӘДІСТЕРІ / МЕТОДЫ ИЗУЧЕНИЯ, СОХРАНЕНИЯ И МУЗЕЕФИКАЦИИ ИСТОРИКО-КУЛЬТУРНОГО НАСЛЕДИЯ

Алтынбеков К. Консервация и реставрация узды из кургана №29 могильника Туйетас-1 в Восточно-Казахстанской области.....	73
Парфенов А.Р. Методы графической реконструкции традиционного якутского костюма (по материалам погребений XVII-XVIII вв.).....	78
Байгунаков Д.С. Қазақстан тас дәуірін зерттеудің кейбір нәтижелері.....	79
Кусаинов С.А., Имангалиева М.Ж. Геолого - геоморфологическая характеристика района палеолитической стоянки Майбулак в предгорьях Илейского Алатау.....	82
Железняков Б.А. К вопросу о позднеантичном и раннесредневековом наследии региона средней Арыси.....	87
Ақымбек Е.Ш. Керамикалардың сыртын өңдеу және әсемдеу үдерісін талдау.....	92
Enrique Meseth, Hsu Chia-Wen, Wang Liang-Chi, Lu Shiau-Yun, Chen Su-Hwa, Chen Huan-Min, Michael Buzinny. Results of the land suitability study in vilcabamba and agricultural production at the vitcos site during incas times, peru.....	94
Умиткалиев У.У., Айтбаев А.Б., Адельчанов К.С. Погребальные сооружения эпохи бронзы в могильнике Кырыкунгир.....	103
Арынова Д.С. Археологиялық қазбадан табылған тұмар түрлеріне зерттеу.....	108
Қартаева Т.Е. Көне фотоқұжаттар мен сызбалардың архео-, этнографиялық деректілігін оқыту әдістемесі.....	111
Туякбаев М.К. К проблемем методов изучения динамики развития памятников градостроительства.....	120
Кушекбаев Ә. Сырдың сәулет өнері.....	130
Баудиярова Қ.Б. Қазақстан халқының неке жағдайы.....	133

Шағатаева А., Егізбаева М.Қ. Еврей халқының ұлттық мейрамдары	137
Жумабаева М.Т., Боранбай Ә.А., Қалыш А.Б. «Алтын-емел» мемлекеттік мемориалдық музейі	139
Тәлім А.Т., Қалыш А.Б. «Есік» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық мұражайының ерекшелігі	142
Әбдіхан Л.Ә., Қалыш А.Б. Маңғыстаудағы бекет ата мешіті	145
Серік А.С., Қалыш А.Б. Ортағасырлық жайық қалашығы	147
Молдашова А.Е., Қалыш А.Б. К вопросу об ямышевских воротах	150

СЕКЦИЯ III.

ДАЛАЛЫҚ АРХЕОЛОГИЯЛЫҚ ЭКСПЕДИЦИЯЛАРЫНЫҢ МАТЕРИАЛДАРЫ / ПОЛЕВЫЕ МАТЕРИАЛЫ АРХЕОЛОГИЧЕСКИХ ЭКСПЕДИЦИЙ

Ожерельев Д.В., Джасыбаев Е.А. Значение открытия древнейших памятников раннего палеолита на Северо-Восточном Кавказе	152
Бексеитов Ғ.Т., Тулегенов Т.Ж., Оспанов Е.Б. Предварительные результаты раскопок на курганном-могильнике Сункар (итоги полевого сезона 2016 г.)	153
Бексеитов Ғ.Т., Оспанов Е.Б. Исследования на позднепалеолитической стоянке Рахат в Семиречье	163
Бексеитов Ғ.Т., Тулегенов Т.Ж., Сатаева Б.Е. Алматы облысында ҚазҰУ-дың «Геоархеология» халықаралық ғылыми-зерттеу зертханасының 2015 жылы жүргізген археологиялық қазба жұмыстары (Жамбыл, Еңбекшіқазақ ауданы)	168
Төлеубаев Ә.Т., Жұматаев Р.С., Шағырбаев М.С. Алакөл аймағындағы ортағасырлық қалаларға қатысты кейбір тұжырымдар	172
Төлеубаев Ә.Т., Жұматаев Р.С., Шағырбаев М.С. Ортағасырлық Жайпақ қаласына 2016 жүргізілген қазба жұмыстарының кейбір қорытындылары	183
Омаров Ғ.Қ., Бесетаев Б. Б., Сагындықова С.Т. Үржар ауданында 2016 жылы жүргізілген археологиялық қазба жұмыстарының алдын - ала қорытындысы	189
Омаров Ғ.Қ., Жұматаев Р.С., Сапатаев С.А. Үржар ауданында 2016 жылы жүргізілген археологиялық барлау жұмыстары	198
Сойкина Н.Ю. К вопросу о роли образа быка в наскальном искусстве Восточного Казахстана	204
Талеев Д. А. Ортағасырлық төменгі Барсхан қаласында 1996 жылы жүргізілген қазба	208
Байтанаев Б.А., Ахатов Ғ.А., Казизов Е.С. Исследования культово -погребального комплекса каракойтас и Ак-Койтас	214
Исқаков Ғ.Т. Термин «неолит»: проблема дефиниций	229
Арынов Қ. 2014 жылы сырдария университеті студенттерінің ортағасырлық үтіртөбе қаласында өткен іс тәжірибе жұмыстарының нәтижесі	232
Әбсадық Ж.А. Оңтүстік Қазақстандағы көне тас дәуір ескерткіштерінің зерттелу тарихы	237
Есжан Е.Ә. Қожа Ахмет Ясауи мен оның кесенесі М.Е.Массонның зерттеулерінде	241
Сералиев А.А. Көрнекті ғалым – Сержан Мұсатайұлы	244
Өсеров Т.О. Түркістан археологиялық отрядының Көне Қалашық ескерткіші айналасында жүргізген археологиялық зерттеу жұмыстары	246
Пәрменқұл С.Т. Сырдарияның орта ағысындағы бекіністер	251
Қожатаева М.Б. Түркістан өңірінің қола дәуірі ескерткіштері	254
Нұржанов А.Ә., Омаров Ғ.Қ., Төлегенов А.К. Қазақстан аумағындағы археологиялық зерттеулердің тарихы (XVIII ғ. бірінші ширегі-XX ғ. басы)	257
Мосунова А.В. Ранние формы погребальных традиций населения среднего зауралья (III-II тыс. до н.э.)	260
Молдахмет А.А. Ортағасырлық қарашық қаласындағы археологиялық зерттеу жұмыстары (2001-2002 жж.)	262
Құрманязов И.С. Солтүстік Арал маңы Қосаман тұрағы. орналасуы мен зерттелуі	265
Қожахан Ж.Н., Сойкина Н.Ю. Шығыс Қазақстандағы сақ кезеңінің археологиялық қазба жұмыстарының жетістіктері	269
Tushabramishvili N. The oldest middle paleolithic portable art from the caves of georgia	273
Даубаев Е. Зергерлік өнердің байырғы әдістері: сақталуы және таралуы	282
Кусаинов С.А., Иманғалиева М.Ж. Геолого - геоморфологическая характеристика района палеолитической стоянки Майбулак в предгорьях Илейского Алатау	289
Саргизова Г.Б. Сарысу, Қызылжар өлкелеріндегі тас дәуірі ескерткіштері	293